

## Түсінік хат

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда әрбір педагогтың ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет. Жас ұрпақты халықтық педагогика идеялары негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Осы орайда ең негізгі талаптардың бірі – ұлттық қасиеттерімізді танып-білу, соның негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. Өзімізді-өзіміз танып, өзгелерге таныту, яғни ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызды бүгінгі талаптарға сәйкес жүйелеп, байытып, дамытып, басқаларға тарату арқылы өзіміздің ұлттық деңгейлерімізді көтере білу қажет. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымда білім беру барысында ұлттық педагогика идеялары негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын басты міндет – өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Еліміз егемендікке қол жеткізген соң жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабымен бірге келетін игілікті іс екендігі белгілі. Ұлттық тәрбие беру мәселесі қоғамды жандандыру, адамзаттық рухани мәдениет үлгілерін үйрену, оны ұлттық қалыпқа келтіру мәселелерімен тығыз байланыстыру болып келеді. Бүгінгі таңда қазақтың халықтық салт-дәстүрлерін жинақтап, бір жүйеге келтіріп, сол арқылы балаларды тәрбиелеудің қажеттілігі өсуде. Ұлттың мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады. Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен тәрбиеші даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі

шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

**Мақсаты:** Балалардың бойына ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету; үлкенді құрметтеуге, тәрбиелеу; ұлттық құндылықтар мен рухани адамгершілік, имандылық қасиеттерді қалыптастыру; балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту.

**Міндеттері:** Ізгілік бастамасымен тәрбиелеу;

- балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас
- кеңпейілдік;
- қайырымдылық;
- жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./
- салт дәстүрін терең меңгеру
- ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беру.

**Жобаға қатынасушылар:** педагогтар, ата-аналар ересек топ балалары.

**Күтілетін нәтиже:** - Балалардың тәрбие дағдыларының орнықтылығы.

- Айналасындағы әлемді тұтас қабылдауы.
- Жан-жақты тәрбиенің үйлесімділігі.
- Жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан жирену.
- Өмірдің құндылықтарын біліп, қайырымдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.

**Жобаның түрі:** инновациялық – шығармашылық.

Іске асыру мерзімі: ұзақ мерзімді (1 жыл)

Жобаның іске асырылуы:

- 1 кезең – дайындық кезең (қыркүйек, қазан, қараша)
- 2 кезең – енгізілу кезеңі (желтоқсан, қаңтар, ақпан)
- 3 кезең – қорытынды (науырыз, сәуір, мамыр)

## **1 кезең.**

1. Шығармашылық жұмыс жоспарын құру
2. Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу.
3. Тақырыпқа бойынша слайдтар дайындау.
4. Балаларға әлеуметтік тәрбие беруде этнопедагогика үлгілерін пайдалану, жинақтау
5. Ұлттық ойындар жинағын толықтыру.
6. Туған өлкенің тарихынан мәліметтер жинақтау
7. Заттық дамытушы ортаны ұлттық мазмұнда құрып, жеке, топтық ұжымдық жұмыстар жүргізу.
8. Ұлттық бұйымдар, музыкалық аспаптар, ұлттық ойыншықтар, ою-өрнек түрлері, әшекей бұйымдар, ұлттық ыдыстар түрлерін жинақтау.
9. «Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар» халық педагогикасы үлгілерін жинақтау.
10. Ұлтымыздың асық ойыны - тәлім-тәрбиенің көзі асықтар қорын жинақтау (асықты тазалап, қайнатып, бояу)
11. Фонотека, бейне таспа түрлерін жинақтау
12. ҰОҚ көрнекіліктерін даярлау.
13. Тақырыпқа байланысты альбомдар дайындау
14. «Білімнің көзі кітапта» тақырыпқа байланысты кітап жинақтау
15. «Ұлттық құндылық – тәрбие бастауы» стенд дайындау

## **2 кезең.**

1. ҰОҚ, түрлі іс шаралар ұйымдастыру кезінде рухани адамгершілік ұлттық құндылықтар туралы әңгімелер өлеңдер, мақал – мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақ, тыйым сөздер жаттау.
5. Көркем сөз, ән байқауларын ұйымдастыру
6. Атақты тұлғалар есімдері \ақын, күйші, композитор, әнші, батыр, ұшқыш т.б
7. Рухани адамгершілік ұлттық құндылықтар туралы рольдік мағыналы ойындар, ұлттық ойындар ұйымдастыру.
8. Сурет және қолөнер көрмелерін ұйымдастыру
9. Қазақтың салт дәстүрлері туралы ашық шара ұйымдастыру
10. Тақырыпқа байланысты бейне таспалар, виртуалды саяхаттар ұйымдастыру.
11. Ата-аналарға рухани адамгершілік ұлттық құндылықтар туралы кеңестер беру, іс шаралар ұйымдастыру
12. Туыстық атаулар, жеті ата, сан алуан қарым-қатынас түрлері туралы мағұлматтар беру

13. «Киіз үй-асыл мұрамыз» бөліктерімен таныстыру

14. Қазақ ою-өрнектерінің атаулары

15. Қазақ ұлттық аспаптары (домбыра, қобыз, сырнай, сыбызғы т.б) таныстыру

**3 кезең.**

1. Тақырыпқа байланысты балабақша ішілік, қала көлемінде семинар, конференция, дөңгелек үстел өткізу.
2. Ата-аналар арасында сайыстар ұйымдастыру
3. Тақырыпқа байланысты сурет, көркем сөз, ән, би, қолөнер байқауларын ұйымдастыру.
4. Тақырыпқа байланысты ата-аналар арасында жоба жұмыстарын ұйымдастыру және жобаны қорғау

№	Жұмыс түрі тақырыбы	Мақсаты	Өтетін мерізімі	Жауаптылар
		1-кезең		
1.	Шығармашылық жұмыс жоспарын құру	Жас ұрпаққа оқу-білім және өнегелі тәрбие беру Ісін дұрыс жолға қоя білу, олардың бойына ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді сіңіру, өз елінің жанашыр азаматтарын тәрбиелеуге байланысты жұмыстар жүргізу	Тамыз Қыркүйек	Жумағалиева Л.Д-директор Косубаева Г.Ж-әдіскер Джумағазиева Г.Қ-тәрбиеші
2.	« Жас ұрпақты ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз.» ата – аналарға сауалнамалар	Ата-аналардың балаларының бойындағы қасиеттері мен мінез құлқы және адамгершілік құндылықтар туралы өз ойларын айқындау	Қыркүйек	Мектепалды даярлық, Ересек топ тәрбиешілері Джумағазиева Г.Қ Ермағамбетова А.К
3.	Ұлттық ойындар жинақтары	Балаларға өз халқының ұлттық құндылықтарын меңгерту.	Қыркүйек	Барлық топтар тәрбиешілері
4.	«Туған өлкем, қандай көркем» альбомдар жинақтау	Балалар өз елінің көрнекті жерлері туралы тамашалап, өз туған жеріне деген қызығушылықтарын ояту	Қазан	Барлық топтар тәрбиешілері

5.	«Ата салтым-асыл қазынам»фото альбомдар, А-3форматында көрнекіліктер, слайдтар топтамаларын жинақтау	Балалармен сурет, слайд арқылы әңгімелесу, өз елінің, жерінің салт дәстүрін қолдап үйрету.	Қазан	Ересек топ тәрбиешілері
6.	«Мақал–мәтелдер даналық көзі» тақырыпқа байланысты мақал-мәтел жинақтары «Ойлан да, шешуін тап» тақырыпқа байланысты жұмбақтар жинақтары «Жаңылмай айт» тақырыпқа байланысты жаңылтпаштар жинақтары Бата тілектер, тыйым сөздер жинақтары	Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері арқылы балалардың сөздік қорын, тіл ұшқырлығын, ой зеректігін, қиялының дамуын жетілдіру, адамгершілік, құндылықтар арқылы ұлтының патриоты болуға тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру.	Қазан	Мектепалды даярлық,Ересек топ тәрбиешілері
7.	Асық ойындары картотека	Асық ойынының барлық ережелерін, қыр – сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшелерін білу. Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.	Қазан	Ересек топтар тәрбиешілері
8.	Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыру	Бүгінгі заманымыздың ұлылығын танытып ,халық ауыз әдебиетінен	Қазан	Ересек топ тәрбиешілері

		халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көре отырып, Отанды сүйеге, ерлікке, елін қорғауға тәрбиелеу; баланын тілін ұшқыр, ойын зерек, алғыр, қиялын шарықтатып тіл байлығын молайту.		
9	Ұлттық мазмұнда заттық дамыту ортасын құру.	Орталық арқылы балаларды рухани адамгершілік құндылықтарға баулу, орталықтың жандануына балалармен, олардың отбасы мүшелерін тарту, жұмылдыру	Қараша	Ересек топ тәрбиешілері
8.	Дидактикалық ойындар жиынтығы /картотекасы/	Балалардың тілдік-танымдық құзыреттілігін дамытатын ойындар жиынтығын жасақтау, көрнекі құралдарын толықтыру	Қараша	Барлық топ тәрбиешілері
9.	Қимылды ойындар жиынтығы /картотекасы/	Балалардың қимыл-қозғалысын қызығушылықтарын оятатын ойындар жиынтығын жасақтау, көрнекі құралдарын толықтыру	Қараша	Барлық топ тәрбиешілері
10.	Сюжетті рөлді ойындар жиынтығы /картотекасы/	Балаларды ойын арқылы сыпайылыққа, адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеуде ойынға қажетті құралдарды жинақтау	Қараша	Ересек топ тәрбиешілері
11.	Қазақтың әдет ғұрыптары мен салт дәстүрлері альбомдар жасау	Балаларға сурет арқылы әдет ғұрып, салт дәстүрлер туралы	Қараша	Ересек топ тәрбиешілері

		түсінік беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.		
12.	«Білімнің көзі кітапта»	Қазақтың дара тұлғаларын таныстырып , олардың жазған , шығарған шығармаларымен таныстыру, суретті кітаптарды көрсету арқылы не туралы айтылатынын сұрау, ой қозғау.	Қараша	Ересек топ тәрбиешілері
.		2-кезең		
13.	«Ұлттық тәрбиеде ұлылық бар» кеңес	Балаларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру .	Желтоқсан	Джумагазиева Г.Қ
14.	ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіз Қазақстаным» ашық іс –шара	Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан туралы балаларға ұғындыру. көпұлтты отанға деген сүйіспеншілік, құрмет сезіміне тәрбиелеу. Балаларды елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.	Желтоқсан	Барлық топ тәрбиешілері
13.	«Ең тамаша , елім менің» қол өнер , сурет көрмелерін ұйымдастыру	Кең байтақ туған еліміздің, байлығын, әсемдігін көрсете білу арқылы, өскелең жас ұрпақты өз отанын сүйе білуге тәрбиелеу	Желтоқсан	Ересек топ тәрбиешілері



14.	«Жасай бер-Қазақ елі» көркем сөз байқауы	Өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту,оқу мәнерін меңгеріп көтеріңкі үнде оқи білу машықтарын байқау,бағалау.	Желтоқсан	Барлық топ тәрбиешілері
15.	«Ұлттық ойын тәрбие құралы»ұлттық ойын түрлерін ұйымдастыру	Балалардың коммуникативтілік дағдыларын ,қимыл-қозғалыстарын жетілдіру,ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігін сезіну.	Желтоқсан	Ересек топ тәрбиешілері
16.	Төрт түлік және оның пірлері ҰОҚ	Балалармен қазақ халқының мал пірлері жайында әңгімелесу,мағұлмат беру ,бейне роликтер көрсету.	Желтоқан	Ересек топ
17.	«Асық технологиясын қолданудың тиімділігі» педагогтарға кеңес	Ою-өрнектің қыр сырын білу ,халқымыздың асыл мұрасын, салт–дәстүрін, өнерін балаларға дәріптеу.	Қаңтар	Ересек топ тәрбиешілері
18.	«Қазақтың ою-өрнектері» ҰОҚ	Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық ою-өрнектердің ерекшеліктерін түсіндіру;балаларға үйретуде ою-өрнектің қыр сырын білу ,халқымыздың асыл мұрасын, салт–дәстүрін, өнерін балаларға дәріптеу.	Қаңтар	Ересек топ тәрбиешілері

19.	«Асық –ұлттық қазынамыз» балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты асық технологиясы арқылы ойындар ұйымдастыру	Атадан балаға өнеге болып қалар қазақ ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларға таныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру .	Қаңтар	Ересек топ тәрбиешілері
20.	Киіз үй бөліктерімен танысу	Балаларға киіз үйдің құрылуы туралы мағлұмат беру, ойлау қабілеттерін дамыту. Халық педагогикасын пайдалана отырып, балаларды әдептілікке, достыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.	қаңтар	Ересек топ тәрбиешілері
21	«Салт дәстүр –асыл қазынам» ата-аналармен онлайн бағытында кеңес	Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, әдет ғұрып пен салт дәстүр туралы терең меңгерту	Ақпан	Ересек топ тәрбиешілері
22	«Өнегелі салтың бар өсер ұрпақ»Ашық ұйымдастырылған оқу қызмет	Балаларды халқымыздың рухани байлығын игеруге, ұлттық озық дәстүрден үлгі алуға баулу, халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт - дәстүрлерін дәріптеу.	Ақпан	Ересек топ тәрбиешілері
23.	Өлкеміздің мұражайындағы асыл мұраларға вертуалды саяхат	Виртуалды саяхат ұйымдастыру арқылы балалардың туған өлкенің	Ақпан	Әдіскер Ересек топ

	ұйымдастыру.	мұражайымен танытыру; ондағы ұлттық асыл мұраларымызды көру арқылы дүниетанымын кеңейту.		тәрбиешілері Медбике
24.	Қазақтың ұлттық аспаптары және домбырамен таныстыру. «Домбыра-халық даналығы»ҰОҚ	Қазақ халқының негізі музыкалық аспаптарымен таныстыру; Балалардың танымдық қабілетін арттыру. Домбыраның құрылысымен таныстыру; Ұлттық өнерді қастерлеуге өнер адамдарына сүйіспеншілігін арттыру	Ақпан	Саз жетекші Ересек топ тәрбиешілері
		3 кезең		
25	«Ардақты анашым» ертеңгілік	Балаларды аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Дүниедегі жақсылық атаулының барлығын күннің нұрынан, ананың мейірімінен тарайтындығын ұғындыру. Балаларды мейірімділікке, бауырмалдыққа, үлкенді сыйлауға, баланың ең асыл ардақты адамы – ананы қадірлей білуге тәрбиелеу. Балалардың анаға деген адамгершілік қасиеттерін ойлау қабілетін, сөз мәнерін есте сақтау	Наурыз	Тәрбиешілері Саз жетекшісі Би маманы

		кабілетін дамыту.		
26.	«Қош келдің ,әз Наурыз»	Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.	Наурыз	Тәрбиешілері Саз жетекшісі Би маманы
27.	«Баталы сөз балаға азық» ата-аналармен бата жазылған жинақ дайындау	Жанұядағы ата,әже мен немере арасындағы қарым – қатынасты нығайту.Атаға, әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Қазақтың салт - дәстүр, әдет - ғұрыптарын бойға сіңіру. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу,батаның мағынасын түсінуге баулу.	Наурыз	Ересек топ тәрбиешілері
28.	«Қызықты төсеніш» Балалардың ой-өрісін дамытатын ұлттық нақышта төсеніш дайындау	Бала жүрегіне ұлттық сана сезімді ұялату,танымдық қабілеттерін және ұлттық білім жайлы білімдерін кеңейту,өз ұлтымыздың ғасырлар бойы жинақталған құнды тәжірибелерімен қол өнерін бала бойына сіңіру,ұлттық қол өнерді дәріптеуге тәрбиелеу.	Наурыз	Тәрбиешілері
29	<b>14 наурыз -Көрісу күні.</b> Бұл күні әр бір топта ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап "Ұлыс оң	Елбасы Н.Ә.Назарбаев "Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру"және "Ұлы даланың жеті қыры" мақаларында	Наурыз	Әдіскер Топ тәрбиешілер Саз жетекшісі

<p>болсын", "Ақ мол болсын", "Ұлыстың ұлы күні құтты болсын" деген сөздер арқылы көрісу рәсімін жасауды үйретеді.</p> <p><b>15 наурыз-Шежіре күні.</b> Әрбір баланың отбасында жеті атасын жатқа айтуды үйреніп келуіне ,Отбасындағы ата-әжелерінің тәрбиелік жақсы істерін айтып беруге отбасымен бірігіп үйрету күні болды. Тәрбиешілер туған жердің тарихы туралы білуді үйретті.</p> <p><b>18 наурыз -Шымырлық пен шеберлік күні.</b> Наурыз тойлау декадасының бұл күні ұлттық спорттық ойындарға арналды. Балалардың асық ату, арқан тартыс, қап киіп жарысу, бәйге, қыз қуу ойындар ойнауына арналды.</p> <p><b>19 наурыз-Зияткерлік күні.</b> Бұл күн балалардың әлеуетін, ақыл ойын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар айтудан жарыстар ұйымдастырылды.</p> <p><b>20 наурыз-Жоралғы күні.</b> Бұл күні әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер айшықталады. "Бесікке салу", "Тұсау кесу", "Тоқым қағар" т.б.</p>	<p>қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын атап көрсетті. "Рухани-жаңғыру" бағдарламасының идеялық құндылықтарын жүзеге асыру контекстінде Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесіндегі ертеңгіліктердің мәні өте жоғары. Ұлыстың ұлы күнін мерекелеудің жаңа жолында бөбекжай-бақшасында мынандай іс-шаралар жасакталды.</p>		
--	--	--	--

	<p>жасау үйретіледі.  <b>22 наурыз Бұқара күні.</b>  Балаларға ерте тұрып күн шапағын қарсы алу керек екені үйретілді.  Отбасымен бірге мерекелік шеруге шығуды ұйымдастыру.  <b>31 наурыз күні-Жайлау күні.</b>Балаларды табиғат аясында серуен кезінде тал егіп,көшет отырғызуды үйрету.</p>			
30.	Тақырыбы: «Балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу» балабақша ішілік педагогтармен семинар	Ұлттық құндылықтар туралы әртүрлі ойлауды қажет ететін сұрақтар, проблемалар төңірегінде ой қорыту, өздерінің “ойларын білдіру”	Сәуір	Ересек топ тәрбиешілері
31	«Ауылым –асыл бесігім» ашық ұйымдастырылған оқу қызмет	Ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды балалардың санасына сіңіру;тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздерді меңгерту ;жас ұрпақты рухани адамгершілікке тәрбиелеу.	Сәуір	Ересек топ тәрбиешілері
32.	«Жақсы сөз жанға қуат береді»	Жақсы сөздің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; Жақсы сөздерді қолдана білу	Сәуір	Ересек топ тәрбиешілері

		іскерліктерін дамыту; Ізгілікке,, ізеттілікке тәрбиелеу		
33.	Қортынды	Шығармашылық жұмыс нәтижелері.	Мамыр	Джумагазиева Г.Қ